Әділет

**2014 жылға арналған мал шаруашылығы саласын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы N 793 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 желтоқсанда N 4822 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы N 1/6-07/2623 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - ( Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының 31.12.2014 N 1/6-07/ 2623 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, « Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына және «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаражат есебінен жүзеге асырылатын, жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 (жүз) пайызға дейін өтеу және ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату бағыттары бойынша субсидиялау нормативтері;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес өлшемдері мен талаптары;

осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қызылорда облысының әкімі* | *Қ. Көшербаев* |
| *К Е Л І С І Л Д І Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі _____________ А. Мамытбеков 2014 жылғы «23» желтоқсан* | |

| | |
|---|---|
| | Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «23» желтоқсандағы № 793 қаулысына 1-қосымша |

# Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 (жүз) пайызға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтері

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мүйізді ірі қара малдың аналығын қолдан ұрықтандыруға қызмет көрсету шығынын 100 (жүз) пайызға дейін өтеу | бас | 3 500 |

# Жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаражат есебінен жүзеге асырылатын, ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату бойынша субсидиялау нормативтері

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату | | |
| | ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы | бас | 32661 |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы | бас | 330786 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара қашары | бас | 251692 |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара | бас | 67970 |
| | қойлар | бас | 2308,6 |
| | жылқылар | бас | 9530 |
| | түйелер | бас | 5855 |

| | |
|---|---|
| | Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «23» желтоқсандағы № 793 қаулысына<br>2- қосымша |

# Өлшемдер мен талаптар

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшемдер мен талаптар |
|---|---|---|
| 1 | Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мүйізді ірі қара малдың аналығын қолдан ұрықтандыруға қызмет көрсету шығынын 100 (жүз) пайызға дейін өтеу | |
| | | «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-2 бабының 5, 7-тармақтарына сәйкестігі |
| | | арнайы мамандардың, сұйытылған азот (-196$^0$С) таситын арнайы жабдықталған автокөлігінің, асыл тұқымды бұқа ұрығын сақтайтын 6 және 35 литрлік Дьюар ыдыстарының болуы |
| 2 | Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату | |
| | ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы | ірі қара малды бордақылауға арналған мамандандырылған үй-жайдың немесе алаңдардың, малды күтіп-бағуға арналған қоралар, науалар, сумен жабдықтау, жем-шөп дайындау техникасы, мал үшін жіктегіш және таразы құрылғысының болуы;<br>малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және асыл тұқымдық жүйе базасында тіркеу;<br>ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы | ағымдағы жылға 1 қаңтарға сиыр мен қашарлардың аналығы (2 жастан ересек) 400 бастан, орташа жылдық сауын сиыр 350 бастан, 1 сиырдан орташа сауылым 4500 кг. кем емес;<br>малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және асыл тұқымдық жүйе базасында тіркеу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының қашары | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға сиыр мен қашарлардың аналығы (2 жастан ересек) 400 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және асыл тұқымдық жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға сиыр мен қашарлардың аналығы (2 жастан ересек) 50-ден 400 басқа дейін, бір сиырдан орташа жылдық сауылым 2500 кг кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және асыл тұқымдық жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу |
| | қойлар | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға қойдың аналық мал басы 300-ден кем емес; қойды күтіп-бағуға арналған үй-жайлардың болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және асыл тұқымдық жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | жылқылар | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға жылқының аналығы 75 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу |
| | түйелер | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға түйенің аналығы 75 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу |

| | |
|---|---|
| | Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «23» желтоқсандағы № 793 қаулысына<br>3- қосымша |

# Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Субсидия нормативтері | Субсидия көлемі | |
| | | | | |

| Бағдарлама атауы | Субсидиялау бағыттары | , теңге | бас/ тонн | мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау | Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 (жүз ) пайызға дейін өтеуге | 3500 | 6136 | 21476,0 |
| | Ет бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу | 20000 | 675 | 13500,0 |
| | Сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу | 20000 | 1356 | 27120,0 |
| | Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу | 18000 | 20806 | 374508,0 |
| | Отандық ірі қара мал сатып алу | 154000 | 749 | 115346,0 |
| | Тұқымдық түрлендірумен қамтылған асыл тұқымды қойлардың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу | 1500 | 61218 | 91827,0 |
| | Асыл тұқымды қой сатып алу | 8000 | 7994 | 63952,0 |
| | Асыл тұқымды жылқы сатып алу | 40000 | 162 | 6480,0 |
| | Асыл тұқымды түйе сатып алу | 37000 | 4 | 148,0 |
| Жиыны | | | | 714357,0 |
| | Сиыр еті 3-ші деңгей | 120 | 913,2 | 109584,0 |
| | Қой еті | 100 | 272,0 | 27197,0 |
| | Жылқы еті | 92 | 70,0 | 6440,0 |
| | Түйе еті | 90 | 45,0 | 4050,0 |
| | Сүт, 1-ші деңгей | 25 | 5402,0 | 135050,0 |
| | Сүт, 3-ші деңгей | 10 | 219,8 | 2198,0 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау | Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату | | | |
| | ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы | 32661 | 581 | 18960,0 |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы | 330786 | 902 | 298369 |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының қашары | 251692 | 373 | 93881 |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы | 67970 | 214 | 14556 |
| | қойлар | 2308,6 | 31980 | 73829,0 |
| | жылқылар | 9530 | 1712 | 16315,0 |
| | түйелер | 5855 | 1561 | 9139,0 |
| Жиыны | | | | 809613,0 |
| Облыс бойынша | | | | 1523970,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК